

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы
ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Жосалы орта мектеп - балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы
ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Жосалы орта мектеп - балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау
нәтижесінің қорытындысы**

Жосалы ауылы 2022 жыл
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы
ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Жосалы орта мектеп - балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 59 бабы, 4-1 бөлімінде «Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді және өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствасына ұсынады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығы,

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын,

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 17-12-04-6/53 хатына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауын өткізу туралы» 2022 жылғы 01 ақпандағы №5 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылдың 01 ақпан-28 ақпан аралығында аталған мектепте өзіндік бағалау өткізіліп, лицензияда көрсетілген білім беру қызметіне қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының», «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгертулермен мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы) типтік және оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалу барысы тексерілді.

Жосалы орта мектеп-балабақшасы бойынша 2022 жылғы 01 ақпандағы №5 бұйрығымен өзін-өзі бағалау жұмысының комиссиясын тағайындалды.

Өзін-өзі бағалау комиссияның құрамы:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы – Е.С.Елеуов – мектеп директоры

Өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері:

1. Ж.М.Мурзабулатова – оқу ісінің меңгерушісі;
2. И.Д.Рахметова – оқу ісінің меңгерушісі;
3. Тулепбергенова А.К – тәрбие ісі орынбасары
4. Сейілхан Г.Н – мектеп әдіскері;
5. Ахметова Г.Ж.- балабақша әдіскері;
6. И.Ж.Мысаев – шаруашылық меңгеруші.

Тексеру нысаны: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 030507, Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Жосалы ауылы, Мектеп көшесі 1 үй, телефон /факс 8(71342)26-5-09, e-mail: gosala-sad@list.ru , мектеп сайты: <https://tylekzhosala.edu-gov.kz>

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының білім беру бөлімінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 030507, Қазақстан Республикасы, Қарғалы ауданы, Жосалы ауылы, Мектеп көшесі, 1 үй, телефон /факс 8(71342)26-509, e-mail: gosala-sad@list.ru, мектеп сайты: <https://tylekzhosala.edu-gov.kz>

2021 жылы 15 қаңтардағы Ақтөбе облысының әділет департаменті Хромтау ауданаралық әділет басқармасының №23 бұйрығының негізінде «Қарғалы аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаңа атауға «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді.

Білім беру қызметіне рұқсатнама: Мемлекеттік лицензия № KZ68LAA00021578 02.02.2021 ж. Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама бизнес-сәйкестендіру нөмірі 980140002130. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт №0048347 жер участкесінің кадастрлық нөмірі: 02-028-013-035 жер участкесінің алаңы: 1,6033 га. Берілу негізі: Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Кемпірсай селолық округі әкімінің 2004 жылғы 10 тамыздағы №57, 2007 жылғы 8 мамырдағы №30 өкімдері. Берілген күні: 15 мамыр 2007 жыл № 3161 болып кітапта жазылды.

Білім беру ұйымының Жарғысы екі тілде жасалған, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылдың 30 желтоқсан №490 қаулысымен бекітілген. Мектептің құрылтайшысы болып Ақтөбе облысының әкімдігі саналады. Уәкілетті органы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Өзіндік аттестаттау барысында мектептің білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін жеке меншік немесе шаруашылықты жүргізу құқығы немесе оперативтік басқару бойынша материалдық, материалдық емес активтерді растайтын құжаттар тексерілді.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1.Білім беру саласының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес. Бағаланатын кезең бойынша білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жоспарының көшірмесі қоса жалғанды.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыруда оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар, соның ішінде 2021-2022 оқу жылында 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтарын мектеп жанындағы балабақшада құру туралы №94/3 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымының басшысымен бекітілген күн тәртібі, өтпелі тақырыптар, циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, жылдық жұмыс жоспары жүзеге асырылуда.Үлгілік оқу бағдарламасына сай оқу қызметі құжаттарының көшірмелері қоса берілді.

3.МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік- кеңістіктік дамытушы орта құрылған. Осы ретте, мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериал, жабдықтар мен жиһаздар құжаттары, бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса жалғанды.

4.Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу бағдарламасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың талаптарының мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар 4 педагог жұмыс жасайды.Осы орайда, кәсіби қызметті жүзеге асыратын 4 педагогтың дипломдарының көшірмелері қоса берілді.

5.Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды дайындау кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптары орындалуда. 4-6 жас аралығындағы орыс тобында 1 тәрбиеленуші бар.Бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламасының көшірмесі қоса жалғанды.

6.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері бар. 2021-2022 оқу жылы бойынша 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтарындағы тәрбиеленушілердің даму жоспарлары (карталары) қоса берілді.

7. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен жүзеге асырылуда. 2021-2022 оқу жылы бойынша 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтары бойынша бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері мен және де зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса жалғанды.

8. 2021-2022 оқу жылы бойынша 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтарындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингісі уақытылы жасақталған.Бағаланатын кезеңге бастапқы және аралық мониторинг көшірмесі қоса берілді.

9.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар бойынша:

1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және барлық талаптар сақталған.
2. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі сақталған.

2021-2022 оқу жылы бойынша 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтары бойынша ҮОЖ сәйкес білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жоғарыда аталған құжаттар көшірмесі қоса жалғанды.

10. БАҒАЛАНАТЫН КЕЗЕҢГЕ ҚАЖЕТ ЕТІЛМЕЙДІ.

11.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар бойынша:

1. МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемі игерілуде. Осы ретте, әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы қоса жалғанды.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы өлшемшарттарының 8-қосымшасына сәйкес жас кезеңдері бойынша тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижесі кестеге сай толтырылып, көшірмесі қоса берілді.Бағаланатын кезең бойынша қорытынды мониторинг ағымдағы жылдың мамыр айында алынатыны хабарланды.

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар бойынша:

2021-2022 оқу жылында 2-4 және 4-6 жас аралығындағы орыс және қазақ топтарын мектеп жанындағы балабақшада құру туралы №94/3 бұйрығына сәйкес жас кезеңдерін сақтау және топтарды аралас жастағы принцип бойынша жинақтау «Ұлттық Білім берудегі деректер қорына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы өлшемшарттарының 9- қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері жинақталып, көшірмелері қоса жалғанды.Тәрбиеленушілерді 1-сыныпқа қабылдағанға дейін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптар сақталған.

2.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі .

2021-2022 оқу жылында «Жосалы орта мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбиелеу мен білім беру мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылында «Жосалы орта мектеп-балабақшасы» КММ-де оқушы саны 114, қазақ тілінде оқитын сыныптарда – 40, орыс тілінде оқитын сыныптарда – 74.

Мектепте барлығы 20 сынып, 15 класс-комплект.

Қазақ тілінде оқытылатын 1 класс (7 оқушы);

Қазақ тілінде оқытылатын 2 класс (9 оқушы);

Қазақ тілінде оқытылатын 3-4 класс-комплектісі (11 оқушы: 3 кл- 6 оқушы, 4 кл- 5 оқушы);

Қазақ тілінде оқытылатын 7 класс (7 оқушы);

Қазақ тілінде оқытылатын 8-9 класс комплектісі (3 оқушы: 8 кл-2 оқушы, 9 кл- 1 оқушы);

Қазақ тілінде оқытылатын 10-11 класс комплектісі (3 оқушы: 10 кл- 2 оқушы, 11 кл- 1 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 1класс (5 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 2 класс (2 класс – 10 оқушы,);

Орыс тілінде оқытылатын 3 класс (3 класс-8 оқушы)

Орыс тілінде оқытылатын 4 класс (10 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 5 класс (8 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 6-8 класс (7 оқушы: 6 кл- 3 оқушы, 7 кл- 4 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 7 класс (9 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 9 класс (10 оқушы);

Орыс тілінде оқытылатын 10-11 класс (7 оқушы: 10 кл- 4 оқушы, 11 кл-3 оқушы);

Мектеп жұмысының 2021-2022 оқу жылына тақырыбы:

«Білім беру мазмұнын және оқыту технологияларын жаңарту жағдайында бәсекелестікті арттыруға бағытталған білім беру кеңістігін құру»

Мақсаты: серпінді дамып келе жатқан ортада өзін-өзі белсендіруге дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету

Міндеттері: тереңдетілген білім беруді іске асыру дарынды балалардың өзіндік, жобалы және зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру

Оқу-тәрбие жұмысының басымдылық құндылықтары

- Білім беру үрдісін демократияландыру, ізгілендіру және ұлттық құндылықтарға бағыттап құру;
- Көптілді тұлға ретінде қалыптастыру ;
- Жеке тұлғаны дамытатын сапалы білім мен тәрбиеге жетуді қамтамасыз ету;
- Қазақстандық ұлтжандылыққа, жоғары мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу;
- Мектеп оқушысы мен түлегі үлгісі негізінде Қазақстан Республикасының азаматы мен патриотын тәрбиелеу;
- Ақпараттық мәдениетті толық меңгеру және әлемдік ақпараттық кеңістікке қатысу;
- Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және оқу қызметінің сапасын анықтауды жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жүргізуге қол жеткізу;
- Оқушыларды шығармашылық және зерттеушілік жұмыстарға, жобалар мен бағдарламалар даярлауға тарту (оқушылардың ғылыми қоғамы арқылы);
- Негізгі пәндер бойынша жоғары сапалы білім деңгейін қамтамасыз ететін білім стандарттарын орындау;
- Балаларды қосымша білім берумен қамтуды дамыту;
- Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Сатылар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектептегі дайындықтың деңгейін көтеру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы білім беру процесі келесі құжаттар мен материалдар негізінде жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»;

Мектепалды даярлық тобының оқу жоспарының вариативтік компонентінен мына курс енгізілді:

Қазақ тілінде оқытылатын тобында:

- 1.«Ертегілер елінде» /1 сағат/ Мақсаты: ертегі кейіпкерлерін танып білу, тәрбиеленушілерді қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу
2. «Өнерлі екен он саусақ» /1 сағат/ Мақсаты: саусақпен ұсақ жұмыстарды ұқыпты жасау, нақтылық пен зейінділікті арттыру, есте сақтау қабілетін шыңдау, геометриялық негіздегі өрнектермен танысу, сөздік қорын арнайы терминдермен байыту;
3. «Ата-баба асыл мұрасы» /1 сағат/ Мақсаты: қарым –қатынас, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсете білу;
4. «Ғажайып пішіндер» /1 сағат/ Мақсаты: құрастыру шығармашылық қабілетін дамыту,
5. «Сахналау» /1сағат/ Мақсаты:
6. «Математика әлемі»/1сағат/ Мақсаты: математикалық ойлау қабілеттерін дамыту, логикалық операцияларды игеру, сандар сырымен таныстыру;

Орыс тілінде оқытылатын топта:

1. «Мой мир» /0,5 сағат/. Мақсаты: тәрбиеленуші санасында логикалық ойлау қабілетін дамыту, сандар, әріптерді ойын арқылы таныстыру;
2. «Учись играя» /1 сағат/ Мақсаты: математикалық ойлау қабілеттерін дамыту, логикалық операцияларды игеру, сандар сырымен таныстыру;
3. «Волшебные пальчики» /0,5 сағат/ Мақсаты: құрастыру шығармашылық қабілетін дамыту, танымдық тілдік байлығын байыту, қолмен ептік жұмыс жасай білу қабілетін игеру.
4. «Волшебная кисточка» /1 сағат/ Мақсаты: әдетке айналған қарапайым суретшілер әдісінен тыс, сурет салудың ерекше түрлерімен таныстыру жүргізіледі, мектепалды топта қатынас жасай білу қабілетін игеру;
5. «Юные художники» /1 сағат/. Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

1-4 сыныптарда білім беру процесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

«Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің №1 31.08.2021ж педагогикалық кеңестің шешімімен «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415) бастауыш білім беру деңгейі № 1,2 (оқыту тілдері бойынша) негізделген. 1-4 сыныптарда шет тілін таңдау ағылшын тілі болып табылады.

"Цифрлық сауаттылық" пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашадағы бекітілген № 496 "ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (188-2 к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді.

"Цифрлық сауаттылық" оқу пәні 1- класта білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып және 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізілуіне байланысты, 2021-22 оқу жылының 3-тоқсанынан бастап 1-класс оқушыларына "Цифрлық сауаттылық" пәні жүргізіледі. 2-класс оқушыларына "Цифрлық сауаттылық" пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап жүргізіледі.

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

- 2 сыныпта (қазақ тілінде оқытылатын) 1 сағат, «Тоғызқұмалақ» Мақсаты: балаларды логикалық ойлауға, математикалық ықшам сақтау әдістеріне үйрету. Ұлттық өнерімізді әрі қарай дамыту, насихаттау.
- 3-4 сыныпта (қазақ тілінде оқытылатын) 1 сағат, «Қылқалам шебері» Мақсаты: оқушыларды шығармашылыққа баулу.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

5-9 сыныптарда білім беру процесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

№ 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №372 өзгерістер мен

толықтырулар енгізілген);

- «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің №1 31.08.2021ж педагогикалық кеңестің шешімімен «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415) негізгі орта білім беру деңгейі № 6, 7 (оқыту тілдері бойынша) негізделген
- 5-9 сыныптарда шет тілін таңдау ағылшын тілі болып табылады.

Таңдау бойынша курстар жүйесінен төмендегідей оқу-сабақтары бөлініп отыр:

- 7 сыныпта (қазақ тілінде оқытылатын) «Слово и текст» оқу жаттығуы, 1 сағат, мақсаты: мәтінмен жұмыс кезінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

- 8 сыныпта (қазақ тілінде оқытылатын) «Секреты хорошей речи» оқу жаттығуы, 1 сағат, мақсаты: Мәтінмен жұмыс кезінде оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, орфографиялық сауаттылықты қалыптастыру. Оқушылар, оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту, сөздік қорын байыту

- 9 сыныпта (қазақ тілінде оқытылатын) «Зайырлылық және дінтану негіздері». 1 сағат. Оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған. ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу

бағдарламалары бойынша аталған курсты біліктілікті арттыру курстарынан өткен тарих пәні мұғалімдері жүргізуі тиіс.

- 8-9-сыныптарда «Абайтану» таңдау курсы вариативтік компоненттің сағаттары есебінен оқыту ұсынылады. Оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс. Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» курсын оқыту 5-9 сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында 15 сағат көлемінде дене шынықтыру пәні мұғалімдері өткізеді.

- 5 сыныпта «Открытая книга» (орыс тілінде оқытылатын), оқу жаттығуы, 1 сағат, мақсаты: тілге деген қызығушылығын тәрбиелеу, шығармашылық қабілетін сыни тұрғыдан ойлауын дамыту.
- 6-8 сыныпта «Тіл мәдениеті» (орыс тілінде оқытылатын), оқу жаттығуы, 1 сағат, мақсаты: оқушыларды өз шығармашылығы арқылы ұлттық, жалпыадамзаттың құндылықтарға баулу, көркем тәжірибені игерту.
- 7 сыныпта «В мире истории» (орыс тілінде оқытылатын), оқу жаттығуы, 1 сағат, мақсат: тарих пәніне қызығушылығын ояту.
- 9 сыныпта (орыс тілінде оқытылатын «Светскость и основы религиоведения») 1 сағат; оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, білім алушыларда этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған

Элективті курстар жүйесіне төмендегідей сабақтар бөлініп отыр:

- 7 сынып (қазақ тілінде оқытылатын) «Ой сергіту және сауаттылық» 1 сағат; мақсаты : Математикалық және логикалық есептерді шешуді үйрете отырып, бағыт таңдауға саналы түрде дайындау, оқушының логикалық мәдениетін қалыптастыру.
- 8-9 сынып (қазақ тілінде оқытылатын) «Абайтану» таңдау курсы 1 сағат; Мақсаты: Оқушыларды өлең, жырларға деген сезімін ояту, Абай шығармаларын оқуға баулу, рухани байлығын дамыту.

Элективті курстар жүйесіне төмендегідей сабақтар бөлініп отыр:

- 10 кл (қазақ/орыс тілінде оқытылатын) «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», 1 сағат; мақсаты: оқушыларға білім негіздерін оқыта отырып, әскери борыш өтеуге және Отанды қорғау мамандыққа қызығушылығын ояту, әскери өтеу негіздері бойынша білімін, білігін, дағдысын қалыптастыру.
- 10-11 (қазақ тілінде оқытылатын) «Графика және жобалау» 1 сағат; мақсаты: адам өмірінде және әр түрлі салада (ғылымда, техникада және өнерде) ақпаратты визуалды түрде берудегі кескіндердің ролінің маңызын білдіретіндігін және түсінетіндігін көрсету.
- 11 кл (қазақ тілінде оқытылатын) «Органикалық химия» 1 сағат; мақсаты: оқушылардың табиғи-ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.
- 10-11 (қазақ тілінде оқытылатын) «Қызықты математика» 1 сағат; мақсаты: есеп шығарудың әдіс-тәсілдерін кеңейту негізінде оқушылардың математикалық материалдарын меңгеруде жағдай туғызу, пәнге тұрақты қызығушылығын тудыру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, өз бетінше ойлау жүйесін жетілдіру.

- 10-11 кл (қазақ/орыс тілінде оқытылатын) «Дене шынықтыру: спорттық ойындар «Теннис»/ «Баскетбол» - салауатты өмір салты дағдылары мен дене тәрбиесі мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру.
- 10-11 кл (орыс тілінде оқытылатын) «Металлы и их соединения» , 1 сағат; мақсаты: сформировать у учащихся основы естественно-научной картины мира, показать роль химии в решении проблем окружающей среды.
- 10-11 кл (орыс тілінде оқытылатын) «Глобальная география» 1 сағат. Далалық оқу жиынына (лагерьлік) вариативтік бөлімнен 30 сағат қарастырылды.

2021-2022 жылына арналған жұмыс жоспары қосымшада көрсетілген. **(1-қосымша)**

2. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

«Жосалы орта мектеп-балабақшасы» КММ 2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары мектеп директорының бекітуімен, аудандық білім бөлімі мен облыстық білім бөлімімен бекітілген.

Жұмыс жоспарына сай 2021-2022 оқу жылына мектеп кәсіподақ келісімен, мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар.

Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады.

Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған және 75 –қосымшада көрсетілгендей жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс орнына үшінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан үзіліс жасалған.

Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделген. Бірінші ауысымдағы сабақ 8.00-ден 13.55-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабағы сағат 14.20.- де басталады.

2021-2022 жылына арналған сабақ кестесі қосымшада көрсетілген **(2-қосымша)**

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптар бойынша барлық пәннен №115 бұйрыққа сәйкес оқу бағдарламалары пән мұғалімдерінде электронды нұсқада бар. «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің №1 31.08.2021ж педагогикалық кеңестің шешімімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415) бастауыш білім беру деңгейі № 1,2 (оқыту тілдері бойынша) негізделген.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415) негізгі орта білім беру деңгейі № 6 ,7 (оқыту тілдері бойынша) негізделген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекеменің №1 31.08.2021ж педагогикалық кеңестің шешімімен
- жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқу жоспары таңдау жасалды.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы(2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім беру деңгейі №22 ,24 (оқыту тілдері бойынша) негізделген 10-11 сыныптарда шет тілін таңдау ағылшын тілі болып табылады.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

10 сыныптар ата - аналар жиналысының 2021 жылдың 31 тамыздағы №1 хаттамасы, негізінде *жаратылыстану-математикалық бағыты* бойынша білім алады. 11 сыныптар *жаратылыстану-математикалық бағыты* бойынша білім алуды жалғастыруда.

Инварианттық оқу жүктемесіне таңдау пәндері: тереңдетілген деңгейде

- 10 қазақ класында физика, география пәндеріне 3 сағаттан қосылды
- 10 орыс класында физика, биология пәндеріне 3 сағаттан қосылды
- 11 қазақ класында физика, география пәндеріне 3 сағаттан қосылды.
- 11 орыс класында физика, биология пәндеріне 4 сағаттан қосылды

Стандартты деңгейде

- 10 қазақ класында құқық негіздері пәніне 2 сағаттан қосылды
- 10 орыс класында құқық негіздері пәніне 2 сағаттан қосылды.
- 11 қазақ класында дүниежүзі тарихы 2 сағаттан қосылды
- 11 орыс класына дүниежүзі тарихы пәнінен 2 сағат қосылды

Инварианттық компонентінен таңдау пәндері:

- 10 қазақ класында алгебра және анализ бастамалары пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 қазақ класында физика пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 қазақ класында химия пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 қазақ класында биология пәніне – 1 сағат қосылды.
- 10 қазақ класында биология пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 орыс класында алгебра және анализ бастамалары пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 орыс класында химия пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 орыс класында география пәніне – 1 сағат қосылды
- 10 орыс класында кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәніне – 1 сағат қосылды;
- 11 қазақ класында алгебра және анализ бастамалары пәніне – 1 сағат қосылды
- 11 қазақ класында физика пәніне – 1 сағат қосылды
- 11 қазақ класында химия пәніне – 1 сағат қосылды
- 11 қазақ класында биология пәніне – 1 сағат қосылды.
- 11 орыс класында алгебра және анализ бастамалары пәніне – 1 сағат қосылды
- 11 орыс класында химия пәніне – 1 сағат қосылды
- 11 орыс класында биология пәніне – 1 сағат қосылды
- 11 орыс класында кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәніне – 1 сағат қосылды;

4.Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 16 қыркүйек 2021 жылы бекітілген №492 бұйрық негізінде «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы», бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» тәрбие жұмысының жоспары талапқа сай жоспарланған.

2021-2022 оқу жылында мектепте тәрбие жұмысы «Рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, патриот, дені сау оқушы тұлғасын қалыптастыра отырып, заман талабына сай, саяси-әлеуметтік өгерістерге бейімделе алатын тұлғаны тәрбиелеу» тақырыбында жұмыстанды. 2021-2022 оқу жылында тақырыптың мазмұнын сақтай отырып, құрамы өзгертілді: «Адами қасиеттері мол, дені сау ұрпақ бейнесін қалыптастыра отырып, қоғамдық-саяси өзгерістерге бейімделе алатын тұлғаны тәрбиелеу».

Аталмыш тақырыптағы тәрбие жұмысының мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Мақсатқа сай төмендегідей міндеттер айқындалды:

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру;
- оқушыларды тәрбиелеу проблемаларын айқындау, талдау, сынып жетекшілерінің жұмысын тәрбие тұжырымдамасының және тәрбие берудің стратегиялық жоспары бойынша мониторингілеу;
- білім беру үрдісінің біртұтас бөлігі ретінде сабақтан және мектептен тыс шаралардың әртүрлі формалары мен түрлерін қоғамның талабы мен оқушылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру;
- кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауда бағыт-бағдар беру және тұлғаның белгілі бір іс - әрекет саласына еніп, бір ізге түсуіне көмек беру;
- сынып жетекшілер, педагог-психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, асхана меңгерушісі, алғашқы әскери дайындық мұғалімі, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, кітапханашы жұмысын жүйелеу;

Тәрбие жұмысы бақылауға алынып, директор жанындағы кеңесте, ата-аналар комитеті отырысында, сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырыстарында, педагогикалық кеңестерде қаралады.

Педкеңес хаттамаларын қарау.

1. 2021-2022 оқу жылы №1 педагогикалық кеңесте «Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру. 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығындағы атқарылған тәрбие жұмыстары. «Қысқы демалысты » ұйымдастыру. Жағдайы төмен отбасы балаларының тізімін бекіту»,

2. 2021-2022 оқу жылы №2 педагогикалық кеңесте «Мектептегі тәрбие жұмысының барысы», «Дебат қозғалысы » жобасының жұмысы.

3. 2021-2022 оқу жылы №3 педагогикалық кеңесте мектепшілік жобалардың жұмысы бойынша есебі № «Заманауи білім берудегі мектептің тәрбиелік функциясы» баяндама

4. 2021-2022 оқу жылы №4 2021-2022 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының қорытындысы және оқу жылының жазғы демалыс жоспарын және мектеп жанындағы лагеріне оқушылар тізімін бекіту»;

Мектеп түлектерінің еңбекпен қамтылуы:

Оқу жылы	Түлектер		Грант иегерлері	
			9 сынып	11 сынып
	9 сынып	11 сынып		
2021-2022	6	8	5	7

Мектепте «Сынып жетекшілердің кәсіби шеберлігін арттыру жолдары» әдістемелік текырыбымен сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі жұмыс жасайды. ӘБ мақсаты - сынып жетекшілердің оқушылармен және ата-аналармен жұмысты нығайту, заман талабына сай педагогикалық шеберлігін шыңдау, рухани ақыл-ой және салауаты дамуына ықпал ету. Мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер жүктелген:

- Инновациялық әдіс-тәсілдерін насихаттау және тарату, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Ата-аналармен – өзара қарым - қатынастармен тәсілдерін ынтымақтастыққа негіздеу;
- Әр сынып жетекшінің кәсіби шеберлігімен құзырлығын арттыру;
- Сынып жетекшілердің шығармашылық потенциалын шыңдау;
- Мектептің тәрбие жұмысының сапасын көтеру;

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің 2021-2022 оқу жылындағы алғашқы отырысы «2021-2022 оқу жылындағы сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын ұйымдастыру» тақырыбымен өткізілді. Өткен оқу жылындағы бірлестік жұмысы қорытындыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды және де жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді. Сынып жетекшілері іс-әрекеттері және сынып ұжымының тәрбие жұмысына қатысты әдістемелік-нұсқаушылық құжаттар таныстырылып, жас сынып жетекшілерге бағыт-бағдар беріліп, тәлімгерлер тағайындалды. Білім күніне арналған тәрбие сағаттарының тақырыбы ұсынылып, салтанатты жиынның өтілу жоспары таныстырылды. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау, жас сынып жетекшілерге бағыт-бағдар беру.

Тұлғаның өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерін қалыптастыру бағыты тұлғаның өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерін, әлеуметтік мәнді және жеке сапаларын, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады.

Ұстаздар мерекесі барысында өзін-өзі басқару күні өткізілді. Өзін-өзі тану мұғалімдері «Өзім туралы», «Біз неге қол жеткіздік?» атты шығармашылық жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар,

«Менің жағымды және жағымсыз жақтарым», «Мен қандай адаммын?», «Менің кемшіліктерім мен жетістіктерім» тақырыбымен диагностикалық жаттығулар жүргізілді. Сынып жетекшілері А.А.Байменшина мен А.А.Мінажованың ұйымдастыруымен 8,10-сынып оқушылары арасында «Друг познается в беде» атты диспут өткізілді. Балалардың табиғатпен тығыз байланыста болуына ықпал ету мақсатында сурет пәні О.Н.Рыбаченко «Табиғат – әсемдік әлемі» тақырыбымен суреттер көрмесін ұйымдастырды.

Әлеуметтік мәнді және жеке сапаларын қалыптастыру бағытының мақсаты тұлғаның әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық сияқты сапаларын қалыптастыру болып табылады. Аталмыш бағыт бойынша «Оқушы портреті» атты тұлғаның мінездемелік ерекшелігін зерттеу жұмысы жүргізілді. Әлеуметтік педагог А.А.Мінажова аз қамтылған отбасылардың жағдайын тексерді. «Сынып оқушыларының қарым-қатынастары» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сынып жетекшілері «Қарым – қатынас мәдениеті» атты дөңгелек үстел өткізді.

Коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру бағыты мінез-құлықтың тұрақтылық ұстанымын қалыптастыру мақсатын көздейді. Аталмыш бағыт бойынша 1,4,5,9 – сыныптарда «Мен оқушымын», «Менің құқықтарым мен міндеттерім» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері М.М Турмухамбетова және И.А.Замирайло ұйымдастыруымен 2-3 орыс сыныптарында «Спешите делать добро» атты тәрбие сағаты өтті. Тәлімгер және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен «Біз біргеміз!» атты тәрбиелік шара өтті.

Эстетикалық тәрбие беру бағытында рухани және эстетикалық құндылықтарды, сенім мен мінез құлық моделін тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оқушылардың дамуы үшін маңызды рөл атқарады.

Аталмыш бағытта «Алғашқы қоңырау» мерекелік шарасы өткізілді. Эстетикалық және көркемдік талғамдарын қалыптастыру мақсатында «Төрле, құтты Жаңа жыл!» атты мерекелік шара, «Алтын ұя - мектебім» мектеп түлектерімен кездесу кеші, «Табиғат – әсемдік әлемі» суреттер көрмесі, «Ертегілер елінде» сахналық қойылымдар сияқты шаралар өткізілді.

Кәсіби шығармашылық тәрбие оқушыларды кәсіби қоғамдастықтың дәстүрлері мен құндылықтарына араластыру, кәсіби этика мен корпоративтік мәдениет нормаларын бұлжытпай орындауға үйрету мақсатын көздейді. Ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай «Ұстаз - ұлағатым» мерекелік концерт өтті, сонымен қатар «Қымбатты менің ұстаздарым» онлайн құттықтау Кәсіби бағдар беру мақсатында жоғары сынып оқушыларына қызығушылық анкетасы жүргізілді. 8-11-сынып оқушылары «Мамандықтар әлемінде» атты презентация дайындап, өздері тандаған мамандықтажелі арқылы өткізілді. Мамандықтар туралы әңгімеледі. Кәсіби бағдар беру мақсатында «Қандай оқу орнын тандаймын?» атты бұрыш жасақталды. Сынып жетекшілері өз сыныптарында «Менің отбасымдағы міндеттерім», «Біздің ата-анамыздың мамандығы», «Еңбек түбі - береке» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді.

2021-2022 оқу жылында аталмыш бағытта «Мен тандайтын мамандық» тақырыбымен шара өткізілді. Түрлі мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастырылды. 9-11-сынып оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» атты дөңгелек үстел өткізілді. 9 «А» сыныбында «Болашақ мамандығым» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Кәсіби бағдар беру мәселесі сыныптық, жалпымектептік ата-аналар жиналысында да қаралды.

Интеллектуалдық мәдениетті дамыту бағыты бойынша оқушылардың ой белсенділігін, интеллектуалдық деңгейін жоғары деңгейде көтеру, дамыту мақсатында оқушылар аймақтық,

халықаралық Сондай-ақ, мектепішілік пәндер олимпиадасы өткізіліп, жеңімпаздар аудандық кезеңге жолдама алды. Аудандық ғылыми жоба байқауына қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Мектепішілік «Қазақшаңыз қалай?», «Тапқыр достар» зияткерлік сайыстары өткізілді. Орыстілді оқушылармен «Мемлекеттік тілді білу - міндетім» атты сайыс өткізілу көзделіп отыр.

Ұлттық тәрбие беру бағытында 2021-2022 оқу жылында аудандық білім беру бөлімінің бұйрығын орындау мақсатында «Әдемі» қыздар клубы ашылды. Аталмыш бағытта «Діннің қоғамдағы ролі».

Оқушылардың өмір қауіпсіздігі. Тәрбие үрдісі барысында оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау үшін әр түрлі тәрбиелік шаралар жүргізіледі. Мектеп оқушылар міндетті түрде нұсқаудан өтеді:

- Жолда жүру ережесі бойынша
- Өрт қауіпсіздігі
- Іс шаралар мен мерекелер кезіндегі қауіпсіздік
- Белгісіз заттарды немесе жарылғыш заттарды тауып алған кездегі қауіпсіздік
- Мұздағы қауіпсіздік, қыс мезгіліндегі қолайсыз ауа райы кезіндегі қауіпсіздік
- Көктем мезгіліндегі өзен жағалауындағы қауіпсіздік
- Сенбілік, жорықтарға шыққан кездегі қауіпсіздік

Қауіпсіздік ережелері бойынша 5-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары, кеңес сабақтары, әңгімелер өткізіліп, қауіпсіздік ережесімен оқушылар мен олардың ата-аналары таныстырылып, арнайы журнал жүргізіледі. Ата-аналармен «Баланың қауіпсіздікке және отбасында зорлық-зомбылыққа ұшырамау құқығы туралы» жиналыс өткізілді. «Қауіпсіздік ережелері» атты сауалнама жүргізілді.

Сонымен қатар, суицид мәселесі де назардан тыс қалмады. «Өз өміріңе балта шаппа!» психологиялық кеңес шарасы өтті. Жоспарлы түрде ата-аналармен, оқушылармен шаралар өткізіліп отырды.

2021-2022 оқу жылында жоспарлы шаралармен қатар, аудандық білім беру бөлімінің бұйрығына сәйкес «Қауіпсіз мектеп» акциясы өтті. Акция барысында флеш-моб, сурет көрмесі өткізілді. Сәуір айындағы жалпымектептік ата-аналар жиналысы «Баланың өмір қауіпсіздігін сақтау» тақырыбымен өтті. Оқушылардың түрлі төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздікті сақтай алу дағдыларын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізілді.

Діни экстремизмнің алдын алу.

Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу бойынша 2021-2022 оқу жылында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылады. Сынып жетекшілерге кеңес беру мақсатында «Діни экстремизм және терроризм жөнінде түсінік. ҚР Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Заңымен таныстыру» тақырыбында дәріс оқылды. Ата-аналармен «Діни адасушылықты болдырмау – ортақ борышымыз» диспут, «Менің баламның қауіпсіздігі...» дөңгелек үстел, «Діннің қоғамда алатын орны» бейнефильм көрсету, Дін істер басқармасының мамандарымен кездесу секілді жұмыстар жүргізілді. Оқушыларға діни экстремизм туралы түсінік беру және алдын алу бағытындағы түрленген жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының қазан айында 5-11-сынып оқушыларына «Діни экстремизм және терроризм» жөнінде Қарғалы ауданының теолог маманы бас имам дәріс оқылды.

Балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру бойынша тұлғаның әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық сияқты сапаларын жетілдіру мақсаты басшылыққа алынып, оқушыларды өзін-өзі ұстай білуге, өмірге деген қызығушылығын оятып, кез келген кедергіден шыға білуге, бір-біріне деген достық қарым-қатынасын нығайтып көмек көрсетуге шақыру және мінез-құлықтың тұрақтылық ұстанымын қалыптастыру міндеттерін жүзеге асырады. Аталған бағыт бойынша шаралар жоспарға сәйкес мектеп психологы мен сынып жетекшінің біріккен іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Жыл сайынғы дәстүр бойынша «Сенім» телефоны мен «Сенім» жәшігі жұмысын жалғастырды.

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу бойынша балалар мен жасөспірімдер арасындағы қаңғыбастық пен қылмыскерлік проблемасын шешуге бағытталған, «Тәуекел тобындағы» балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қолдаудың тиімді жүйесін құру және отбасының тәрбиелік қызметін жандандыру және жекелеген оқушылардың отбасыларындағы тәрбиеге түзетулер енгізу мақсатында ауданның отбасымен жұмыс жүргізетін ұйымдарымен және қызметтерімен ынтымақтастық орнату міндетін жүзеге асырады. Оқу жылының басында барлық сыныптардың, сәйкесінше жалпы мектептің әлеуметтік паспорты жасақталады. Күнделікті барлық оқушылардың сабаққа қатысуы қадағаланады, себепсіз қалған оқушылар тіркелген жоқ.

Оқушылар арасында «Правонарушение и вредные привычки», «Мы против вредных привычек», «Заңы қуатты елдің халқы да қуатты», «Есірткісіз өмір сүрейік!», «Менің құқығым – менің міндетім», тағы басқа тақырыптарда ай сайын жоспарлы шаралар өткізілді. Жасөспірімдердің түнгі мезгілде жүрмеуін қадағалау мақсатында мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бірлесіп, рейд жұмыстарын жүргізді. Рейдке учаскелік полиция инспекторы да қатысты. Бөрлі аудандық ішкі істер бөлімінің жасөспірімдер істері бойынша инспекторы А.Калиоллин мектеп оқушыларымен кездесу өткізді.

Қыркүйек айында толық емес, аз қамтылған отбасылар тексеріліп, сәтсіз отбасы тізімінен Зейбель Т отбасы Қарғалы аудандық полиция бөлімінің шешімімен(Стырличук Ю)қолайсыз отбасы тізімнен алып тасталынды, бірақ мектептің үнемі бақылауда ,жұмыстар жүргізіліп тұрады. Оқу жылы барысында оқушылардың себепсіз сабақ жіберуі тексеріліп отырылады Сондай-ақ, «Түнгі ауылдағы балалар» рейді жүйелі жүргізілді.

Оқу жылы бойы сәтсіз жанұяларды, қиын жағдайға тап болған балаларды анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. Әр сыныптың әлеуметтік паспорты жасақталып, оқушылар үйірме жұмысына тартылды.

Жыл сайын жалпыға бірдей білім беру айлығы мен «Мектепке жол» және «Қамқорлық» акцияларының өткізілу барысында төмендегідей іс-шаралар оздырылды: арнайы жоспар құрылып, 0-18 жас аралығындағы балалардың санын, отбасы жағдайын анықтау мақсатында бекітілген көшелер бойынша тексеру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар саны жоқтығы анықталды; сынып жетекшілер өздерінің сыныптары бойынша әлеуметтік паспорттарын толтырды.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінетін қаражат көлемі мен демеушілердің бөлетін қаражат көлемін салыстыру деректері

№	Специфика	2021-2022
1	Киім және құрал - жабдықтар	347044
2	Демеушілер бөлген қаражат	26300
3	Сауықтыру	-

	2021- 2022 оқу жылы
Жалпыға бірдей білім беру қорынын көрсетілген көмек	11
Президент шыршасы	-
Әкім шыршасы	8
«Балдаурен» лагері	4
«Бурабай» демалыс кешені	1 оқушы (ата-анасының жұмыс орнынан демеушілік)

Әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларының деректері

	2021-2022 оқу жылы
Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, асырап алушы отбасы балалары	-
Көп балалы отбасылар балалары	13 отбасы 27 оқушы
Аз қамтылған отбасы балалары	1 отбасы 3 оқушы

Бұл дерек бойынша ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, яғни патронаттағы және қамқорлықтағы балалардың саны мен аз қамтылған отбасы балаларының сандық көрсеткіші азайып, көпбалалы отбасы балаларының саны жылдан - жылға артып келе жатырғандығын көреміз.

5.Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Мектептің тәрбие үрдісін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстары туралы.

2021 – 2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының үлгі жоспары, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және бірлестіктер туралы», Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері» туралы Заңы, Қазақстан Республикасы Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «АҚТҚ ЖҚТБ – ның алдын алу» туралы Заңы Қазақстан Республикасының Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы Заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы Конвенциясын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы қараша айында бекітілген «Қазақстан Республикасы Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы», 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2021 – 2022 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын» басшылыққа ала отырып құрылды.

Мектеп кітапханасы тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік әдебиеттерді, баспасөз материалдарды жеткілікті жаздырып алады. Мектеп Мегалайн арқылы ғаламтор жүйесіне қосылған. Мектептегі тәрбие жұмысы өзіндік моделі негізінде құрылған, мектептің тәрбие жүйесінің жұмысы қалыптасқан.

– ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының орындалуын мектептің 2021 - 2022 оқу жылдарындағы тәрбие жұмыстарынан көруге болады. Тәрбие жұмысының нормативтік құжаттары: ҚР Конституциясы, Білім туралы заң, Тәрбие тұжырымдамасы, Бала құқықтары туралы конвенция, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тағы да басқа құжаттар жинақталған. Өткен оқу жылдарының іс-қағаздары, іс - шаралар сценарийлері талдауымен жинақталған, талдау және мониторингілері бар, бекітілген.

Азаматтық патриоттық, құқықтық және көпмәдениеттік тәрбие.

Мұғалімдер оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар жазып, оны қорғау арқылы дарынды оқушылармен жұмыстанады.

ӘБ жұмысы келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылды:

1. Оқушылардың әр түрлі деңгейлік пәндік олимпиадаларға қатысуға дайындау
2. Дарынды балалармен сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру (байқаулар)
3. Оқушылардың ғылыми жобалармен айналасуы

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына «Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер» **10-қосымша** талапқа сай толтырылып, қосымша жалғанды.

Медициналық кабинет мектеп ғимаратының 1 қабатында орналасқан. Жалпы ауданы: 16,1 шаршы метрді құрайды. Кабинетте балаларға алғаш көмек көрсетіледі, оқушылардың салмақтары, бойлары өлшенеді және артық салмағы бар балаларға кеңес беріледі. Сондай-ақ көздің көргіштігін анықтайтын таблица арқылы оқушылардың көз көргіштігін айқындауға мүмкіндік бар. Кабинет күніне 1 рет кварцталып тұрады. Қажетті дәрі-дәрмектермен қамтылған және дәрі-дәрмектердің жарамдылық мерзімі тексеріліп тұрады. Кабинетте төмендей құрал-жабдықтар бар.

№	Медициналық құрал саймандар атауы	Саны
---	-----------------------------------	------

1	Жазу үстелі	2
2	Орындықтар	4
3	Кушетка	1
4	Көздің көргіштігін анықтайтын кесте	1
5	Кеңсе шкафы	2
6	Медициналық шкаф	1
7	Мұздатқыш /вакцина мен медициналық құралдар /	-
8	Әйнекті шағын үстел	1
9	Тонометр	1
10	Фонендоскоп	1
11	Бактерецитті шам.	2
12	Медициналық таразы.	1
13	Бой өлшегіш	1
14	Үстелге қоятын шам.	-
15	Қайшы	2
16	Қол жуатын раковина	1
17	Вакцинаға арналған термоконтейнер	1
18	Педальды қақпағы бар шелек.	1
19	Медициналық халаттар	5
20	Калпактар	2
21	Бір рет қолданылатын маскалар.	20дана
22	Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер	1
23	Дезинфекциялау құралдар	1
24	Кеңсе тауарлары	1
25	Үлкен бикс	3
26	Резенке бұрау	3
27	2,0	10дана
	5,0	10дана

	10,0 инелері бар шприцтер	5 дана
28	Пинцет	1
29	Резенке жылытқы	2
30	Бүйрек тәрізді науа	5
31	Кілемше	1
32	Сантиметрлік лента	1
33	Медициналық термометрлер	30
34	Дозаторлы сұйық сабын.	1
35	Жинау мүкәмалы шелек, шбавра, шүберек, қолғаптар	1
36	Жинауға арналған қоңыр халат	1
37	Вакцина қалдығын жоюға арналған шелек	1
38	Мұзға арналған құрал	1
39	Темір шпательдер	20
40	Шины для иммобилизации конечностей	5

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министірінің 2021 жылғы «05» тамыздағы №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына 11 қосымшасына сәйкес медициналық есепке алу - есеп беру құжаттамасы жүргізіледі.

- 1) инфекциялық ауруларды есепке алу журналы;
- 2) соматикалық сырқаттанушылық журналы;
- 3) жіті инфекциялық аурулармен байланыстарды есепке алу журналы;
- 4) профилактикалық егулер картасы;
- 5) профилактикалық егулерді есепке алу журналы;
- 6) вакциналардың, басқа бактериялық препараттардың қозғалысын тіркеу журналы;
- 7) Манту сынамаларын тіркеу журналы;
- 8) Манту сынамасы бойынша тексеруге жататын тәуекел тобындағы балаларды тіркеу журналы;
- 9) фтизиопедиатрда тексеруге жататын туберкулинді «+» мәнді адамдарды тіркеу журналы;
- 10) вакцинадан кейінгі асқыну журналы;

- 11) паразиттік аурулардың қоздырғыштарына тексерілгендерді тіркеу журналы
- 12) кабинетті кварцтау журналы;
- 13) гельминттерге тексерілген адамдарды тіркеу журналы;
- 14) тәуекел тобындағы балалардың тізімі;
- 15) оқушыларды флюорографиялық тексеруді тіркеу журналы;
- 16) флюорографиялық тексеру нәтижесі оң болған адамдарды тіркеу журналы;
- 17) диспансерлік қадағалаудың бақылау картасы;
- 18) дерматомироз, қышыма, педикулезге тексеріп-қараулар журналы;
- 19) профилактикалық медициналық тексеріп-қараулар нәтижелері бойынша есеп;
- 20) баланың денсаулық паспорты;
- 21) вакциналардың түсіндірме-аңдатпасы бар папка;
- 22) тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаттарының бракераж журналы;
- 23) ас блогы қызметкерлерін тексеріп-қарау журналы;
- 24) «С витаминдеу» журналы;
- 25) тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау ведомосы.
- 26) дайын өнімнің бракераж журналы;

Жосалы орта мектеп-балабақшасының оқушыларының денсаулығы туралы мәлімет

Сырқат түрлері	2021-2022 оқу жылы
Көз көргіштігінің төмендеуімен	0
Тыныс алу жолдарының ауруымен	0
Ас қорыту жүйесі сырқаттарымен.	0
Тіс жегісімен	3
Терапевтік сырқаттармен	0
Хирургиялық сырқаттармен	0
Қан аздықпен	0
Эндокриндік сырқаттармен	0
Бүйрек сырқаттарымен	0

Жалпы оқушы саны	3
------------------	---

Мектепте жиі байқалып отырған көздің көргіштігінің төмендеуі .Осыған байланысты балаларға көз жаттығуларын жасауды ұмытпау, көз гигиенасы туралы әңгімелесу жүргізілді .Сонымен қатар мұғалімдерге сабақ арасында көзді демалту жаттығулары бар денсаулық парақтары берілді. Күнделікті таңертең көз жаттығулары жасалады. Ата-аналарға балаларды үйден қадағалау ұсынылды. Теледидар, компьютер, ұялы телефондарды ұзақ пайдаланбау. Бөлменің жарығын қадағалау, кітапты, компьютерді пайдаланғандағы ара қашықтықты сақтау.

Диспансерлік бақылаудағы балалар.	2021-2022 оқу жылы
Миопия сырқатымен	1
Бронх демікпесімен	0
Ас қорыту жүйесі сырқаттарымен.	0
Созылмалы пиелонефрит	0
Терапевтік сырқаттармен	0
Хирургиялық сырқаттармен	0
Қан аздықпен	0
Эндокриндік сырқаттармен	0
Жүйке жүйесі сырқатымен	1
Тыныс алу жолдары сырқаттары	0
Жүрек қан тамыр сырқаттарымен	1
Жалпы оқушы саны	3

Диспансерлік бақылаудағы оқушылар уақытылы сауықтыру емдерін алады

	2021-2022 оқу жылы
Туб виражды балалар	0

2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп медбикесінің

атқарған жұмысының есебі

Жосалы орта мектеп- -балабақшасының медициналық қызметі жас ұрпақтың денсаулығын күте білуі, зиянды әрекеттерден аулақ болуы, денсаулықтың басты байлық екенін ұғындыру мақсатында құрылған болатын.

Мектептің 17 оқушысы ыстық тамақпен қамтылды.

Асхананың санитарлық жағдайы ережеге сай тексеріліп тұрады. Аспазшылар тері ауруларына қаралады, оларға журналға тіркеледі. Брокераждық журналы және т.б. журналдар жүргізіледі. Азық –түліктер сертификаттар арқылы қабылданып, ережеге сай сақталады. Он күндік ас мәзірі жазылып, қадағаланып тұрады. Оқушыларға күнделікті ас мәзірі бекітіліп, ілінеді. Мектеп дәлізінде, асханада, жатақханада ауыз су қамтамасыз етілген. Дәлізде балалардың қол жуына арналған 1 раковина орналастырылған. Қол жуудың ережелері көрсетілген. Осы бағытта оқушылармен практика жүзіндегі іс-әрекеттер көрсетілді. Балалар таңертеңгілік сабақ алдында дене және көз жаттығуларын жасайды. Мектеп дәліздері, сынып кабинеттері үзіліс сайын ылғалды жуылып жиналады және желдетіледі.

Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жүргізілген жұмыстар.

Жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында тұмаудан сақтану, жеке бас гигиенасы туралы әңгіме өткізілді. Қыз балалардың жеке гигиенасы туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда қыз балаларға арналып жылы киіну, жеке бас гигиенасын сақтап таза,ұқыпты жүру т.б. кеңестер айтылды.

Медициналық кабинетте балаларға алғаш көмек көрсетіледі, оқушылардың салмақтары, бойлары өлшенеді және артық салмағы бар балаларға кеңес беріледі. Сондай-ақ көздің көргіштігін анықтайтын таблица арқылы оқушылардың көз көргіштігін айқындауға мүмкіндік бар. Кабинет күніне 1 рет кварцталып тұрады. Қажетті дәрі-дәрмектермен қамтылған және дәрі-дәрмектердің жарамдылық мерзімі тексеріліп тұрады.

5-10 сыныптар аралығында «Ас -адамның арқауы» атты сынып сағаттары, «Дәрумендер және денсаулық» тақырыбында фото суреттер байқауы, 6-10 сынып аралығында «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» қысқа жоба, 5-7 сыныптармен «Оңтайлы тамақтану денсаулық кепілі» және «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын» лекция-әңгіме өткізілді. Бұл шараның мақсаты оқушыларға дұрыс уақытылы тамақтана білу, денсаулыққа зиянды тағамдарды пайдаланбау /тез дайындалатын фасфудтар,газдалған сусындар/ көбінесе жеміс-жидектерді, шырындарды,ет, балық, сүт өнімдерін жиі пайдалану сияқты тамақтану пирамидасын сақтау насихатталды. Оған қоса сынып сағаттары, сурет салу, диктант

т.б жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар жұқпалы ауру туберкулездің алдын алу туралы диктант жүргізіліп , үн парақтар таратылды.

Жылына 1 рет 15 жастағы балаларды флюоро тексерісінен өткіземіз. Оқушылармен «Алғашқы көмек көрсету» тақырыбында сұрақ-жауап жүргізілді. Онда алғашқы көмек көрсету түрлерін оқушылар тәжірибе жүзінде пайдаланып, көмек көрсетуге дайын екендіктерін байқатты. «Құтырудан сақ болыңыз» тақырыбында 5-7 сынып аралығында диктанттар жүргізіліп, әңгімелер ұйымдастырылды. Әңгімелесуде көшедегі иесіз үй жануарларынан сақ болу керектігі айтылды.

Дене шынықтыру сабақтарында «Қозғалыс бұл өмір» атты лекция жүргізіліп тұрады. Дене қимылдарының, қозғалыстарының пайдалы екендігі түсіндіріледі.

Ағымдағы оқу жылы бойы осы бағыттағы сауықтыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі./Өлшемшарттардың 11, 12-қосымшалары жалғанады/

Мемлекеттік аттестаттау барысында мектептің білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін жеке меншік немесе шаруашылықты жүргізу құқығы немесе оперативтік басқару бойынша материалдық, материалдық емес активтерді растайтын құжаттар тексерілді.

Мектептің пайдалы оқу, жеке меншік және жалға алған аумақтары санитарлық нормаға, өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкес.

Мектептің ғимараты 1985 жылы салынған. Мектеп 1 ғимаратта орналасқан: екі қабатты. Мектеп ғимаратының жалпы оқу аумағы – 1776,1 м², соның ішінде бір оқушыға есептегендегі оқу аумағы – 15,4 м², бұл көрсеткіш «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы қағидаларына сәйкес келеді.

Мектепте мұражай 2018 жылы ашылып, осы күнге дейін жұмыс жасауда. Оқу-зертханалық кабинеттері, оқу-кәсіптік шеберханалары қазіргі заман талабына сәйкес жабдықтармен жабдықталған. Білім алушылар спорттық жабдықтармен, медициналық қызметпен және ыстық тамақтандырумен қамтамасыз етілген.

Медициналық қызмет көрсету кабинеті бірінші қабатта орналасқан, екі бөлмеден тұрады. Жалпы аумағы-16,1 м², Қызмет істеуге лицензия 2019 жылдың 11-қарашасында берілген, сериясы № 10380 DL. Медицина кабинетінде профилактикалық егу өткізіледі. кабинет ағаш өңдеу шеберханасы, жалпы алаңы 65,6 м².

Мектепте 1 спортзал бар, жалпы аумағы 172,1м². Материалдық жағынан стандартқа сай толық қамтамасыз етілген. Спортзалында арнайы киінетін, бапкерлерге арналған және инвентарлық бөлмелер бар. Спорт құралдарымен жабдықталған. Орны санитарлық – гигиеналық нормаларға сай.

Мектеп кітапханасы екінші қабатта орналасқан, аумағы 30,2 м², кітап сақтайтын бөлме бар. Мектеп мұражайы 2018 жылы ашылып осы күнге дейін жұмыс жасауда.

Мектептің 1 қабатында директордың кабинеті- 14,5 м², қабылдау бөлмесі- 12,8 м², 1 қабатта орналасқан. Сонымен қатар мектеп директорының орынбасарларының 2 кабинеті – 18,8 м², 13,7 м² бар.

Химия, физика, кабинеттерімен жабдықталған. Және информатика кабинеті бар

Мектепте өзін-өзі тану, тәлімгер, психолог пен әлеуметтік педагог кабинеттері бар. Мектептегі интерактивтік тақтасы бар кабинеттер проекторлармен жабдықталған. Арнайы жабдықталған химия, физика, кабинеттерінің оқу зертханалары бар. Оқу үдерісіне қолданылатын 10 компьютер бар, интернет желісіне 1 компьютер қосылған.

Сонымен қатар 1 проектірі бар. Проектордың басқаларына қарағанда айырмашылығы тақтаға емес жарға түсіруге болады және қаламы жарға жаза береді.

Информатика кабинеті он компьютер және бір дербес компьютерден құралған. Сабаққа қажетті бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар мектебіміз жаңа заман талабына сай wi-fi интернет желісімен қамтамасыз етілді. Мектепте бір информатика кабинеті, интернет желісімен қамтамасыз етілуде. Мектепте математика, физика, қазақ тілі, бастауыш кабинеттері интерактивті тақтамен қамтамасыз етілді.

Алғашқы әскери дайындық кабинеті жабдықталған, плакаттар, сейф бар. винтовканың саны- 1, Қару сақтайтын бөлме темір есікпен жабдықталған. Мектепте АӘД кабинеті Мектептің асханасы-1 ғимаратта орналасқан: мектептің басты ғимаратында орналасқан асхана барлық санитарлық талаптарға сай жабдықталған, жалпы аумағы – 128,9 м². Асханада бір

мезгілде 17 бала ауысыммен тамақтанады. Тамақтану бөлмесінде қасында қол жуатын орын, тамақ үлестіретін және пайдаланылған ыдыстарды тапсыруға арналған терезе бар. Ас сақтайтын бөлмеде мұздатқыш камера, су қыздырғыш, қуыратын орын, электр пеш, электр ет турағыш, ас пісіретін ыдыс. Аралық тағам өнімдеріне өнімнің қауіпсіздігін растайтын сертификаттар мен құжаттары тіркелген, 2 апталық меню бар. Асхана қажетті барлық құралдармен жабдықталған. Мектепте 1 автокөлік тіркелген: маркасы ПАЗ 3206 мемлекеттік нөмірі 041 AU/04 2017 жылы шыққан

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Бір оқушыға есептелгендегі мектептің оқу аумағы **«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыз №611 бұйрығы қағидаларына сәйкес келеді.**

Өзін-өзі аттестаттау барысында мектеп химия, физика, және кабинеттермен жабдықталғандығы анықталды. Физика, химия кабинетінің арнайы құрал-жабдықтармен қамтылған оқу зертханалары бар.

Мектепте 2,0 бірлікпен бекітілген зертханашы штаты бар: физика кабинетінде - 0,5 Ергалиева Ж.Н. бірлік, информатика кабинетінде және интерактивтік тақталар бойынша – 0,5 бірлік Калмагамбетов Н.Н., химия кабинетінің зертханашы - 0,5 Хряпко В.И.

Химия кабинетінде "Қауіпсіздік техника ережесі", "Кабинет паспорты", "Техника қауіпсіздік журналы" толтырылды. Қышқылдар, сілтілері органикалық заттар, жылыту құралдары, шынылармен жұмыс істеуге арналған нұсқаулық, сонымен қатар химиялық реактивтер (сақталу тобы бойынша), зертханалық және демонстрациялық құралдар, компьютерлік құралдар бар.

Тақырыптарға байланысты зертханалық жұмыстар практикалық түрде жүргізіледі.

Мектепте 5 интерактивтік тақта бар. Біреуі 2012 жылы келген АЭД кабинетіне орнатылған, біреуі 2015 жылы келген бастауыш қазақ сыныбында орнатылған, қалған үшеуі 2016 жылы келген олар қазақ тілі, балабақшада және орыс бастауыш сынып кабинетінде орнатылған. Мұғалімдер сабақтарында тақтамен жұмыстанады және сыныптан тыс жұмыстарына пайдаланады.

Мектепте екі интерактивті панель тақта бар, біреуі орыс тілі кабинетінде және біреуі математика кабинетінде орналасқан, бәрі де жасап тұр. Құралдарымен тақтаның сақталуы орнатылған кабинетінің жауапты мұғаліміне тапсырылды.

Физика кабинетінде зертханалық жұмыстар жүргізілетін құрал-жабдықтар оқу кабинетінің зертханасында орналасқан. Қауіпсіздік техника ережесінің журналы талапқа сай толтырылған. Журналда нұсқау берушінің аты-жөні көрсетілген, оқушылардың қолы қойылған. Кабинет паспорты, перспективалық жоспары жасақталған. Компьютер мен интерактивті тақтасы бар. Физикалық тәжірибелерді, практикалық жұмыстарды орындағанда оқушылардың дағдыларын дамыту және қазіргі заманғы техникада қолданылатын физиканың ең маңызды жетістіктерін таныстыруы ескерілген. Дидактикалық қоры толық, жылма-жыл толықтырылуда. Информатика кабинетінде 2 ноутбук қамтамасыз етілді, жұмыс жасап тұр. Информатика кабинеттерінде қауіпсіздік техникасының ережелері қатаң бақылауға алынған. Өрт қауіпсіздігін сақтау құралдары, кабинет паспорттары толтырылған. Электрондық оқыту жүйесінің негізгі мақсаты білім беру ұйымдары қызметкерлеріне үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуді қамтамасыз етуге негізделген болса, міндеті – оқу-тәрбие үрдісін автоматтандыру болып табылады. Аталған міндетті шешу үшін оқу – тәрбие үдерісіне қатысушылардың қызметін автоматтандыру қажет. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты ҚР біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса білім беру саласында информатика пәнін оқытуда ақпараттық технологияны пайдалануға, әлемдегі ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Қазіргі уақытта заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық

және оқыту құралы болып компьютер саналады.. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық-техникалық кешен болып саналатын интерактивтік тақта болып табылады. Мектептегі интерактивті тақталар интернет желісіне қосылған.

Осы интерактивті тақтамен бірге физика, химия, кабинеттеріне GLX құрылғылары бар. Бұл құрылғы оқушылар мен оқытушыларға арналған. Бұл құрал директорді жинайды, талдайды және графигтерді салады. Мұғалімдер осы құрылғының көмегімен көбіне зертханалық жұмыстар өткізеді.

№	Кабинет атауы	Жылы	Жалпы сомасы
1	Химия кабинеті	2011 жыл	3 955 000 теңге
2	Физика кабинеті	2008 жыл	3 420000 теңге

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Мектепте зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау үшін толық мүмкіншіліктер бар. Химия, физика, кабинеттері толық жабдықталған. /Өлшемшарттардың 13, 14-қосымшалары жалғанады.

Мектеп кітапханасы 1-ші қабатта орналасқан. Жалпы аумағы 30 м.², бөлме саны 1, оқу залы мен абонемент бірге орналасқан, оқулықтар қорын сақтайтын бөлме бар. Оқу залындағы оқырмандардың отыратын орын жоқ.

Кітапханада болуға тиісті жұмыс жоспары, айлық жоспарлар мен есептер, мүлік кітабы, күнделік, жиынтық есеп кітабы, библиографиялық анықтамалардың есеп кітабы, оқырман жоғалтқан орнына қабылданған кітаптар мен басқа құжаттардың есебі журналы, мерзімді басылымдарды тіркеу журналы бар.

Мектеп кітапханасында 1 кітапханашы жұмыс атқарады. Кітапханашы Таскалиева Мейрамкул Жалғасбаевна (Педагогикалық білімі жоғары), Жалпы еңбек өтілі 16 жыл, аталған мекемеде 5 жыл, бірінші санатты. Біліктілігін арттыру курсы 2018 ж. өтті, курс тақырыбы «Білім беру мекемесінің заманауи кітапханасы: жаңа басылымдылық пен инновациялық іс-тәжірибелер».

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кітапхана ісі туралы нормативті актілерін, қаулы мен бұйрықтарын, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының «Білім жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі әдістемелік құралдарын» басшылыққа алып, өз қызметтерін жүргізеді.

Мектеп кітапханасының кітап қоры аудандық білім беру бөлімі арқылы сатып алынады. Кітапхана қоры 12067 кітаптан тұрады, оның ішінде мектеп оқулықтарының саны 7688, көркем әдебиеттер саны -4379, мемлекеттік тілдегі кітаптардың саны 4618-, электронды оқулықтар саны-97, әдістемелік әдебиеттер саны - 4379.

Оқырмандар саны -125, мұғалімдер - 38, тәрбиеші-4, оқушылар саны – 115. Кітапханада «Кітапхана бұрышы» шығарылған. Президент жолдаулары уақытылы ауыстырылып, жыл сайынғы жолдаулар папкаларда жинақталады. «Білімді ел-Мәңгілік ел», «Тәуелсіздік аңсаған арман, кол жеткен мұрат», «Бала құқығы- асыл қазына», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге.», «Бір ел - бір кітап» сияқты тұрақты кітап көрмелері бар. Мектепте мобильдик кітапхана иске қосылған. Рухани жаңғыру бойынша мектебімізде «Оқуға құштар» бұрышы ашылып мектеп оқушылары белсене қатысады. Буккроссинг бұрышы жоспарға сай жұмыс жүргізуде.

Мектеп кітапханасында кітапхана белсенділері жұмыс істейді, актив мүшелері оқырмандарды кітапханаға белсенді түрде тартуға көмектеседі, оқулықтар қорын сақтау үшін рейдтер жүргізеді, бүлінген кітаптарды жөндейді, көпшілік жұмыстарды жүргізуге көмектеседі.

Кітапхана іші таза, кітап қоры ББК бойынша орналасқан, кітапхана құжаттары дұрыс толтырылған, кітап көрмелері (атаулы және тұрақты) жасақталған, оқырмандар формуляры, қайтару парағы, қалташалар, кітап формуляры талапқа сай толтырылып, жүргізіліп отырады.

Кітапхана көрсеткіштері:

Кітаптардың көрсеткіші	2021-2022	
	Жалпы	Соның ішінде қазақ тілінде
Кітап қоры	12067	4618
Оқулықтар	7688	2434
Жаңа буын оқулығы	237	120
Оқырман саны	125	92
Кітапханаға қатынасуы/пос.		
Кітаптардың берілуі	3919	1011
Газет журналдар	7	5
Көркем әдебиеттер	4379	613

2021-2022оқу жылы 1-4 сынып оқушыларына бір балаға 11 оқулықтан, 5-8 сынып сыныптарға 15 оқулықтан, 9-11 сыныптарға 25 оқулықтан келеді.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрығына сәйкес мектеп оқушылары оқулықпен қамтамасыз етілген.

Кітапханада болуға тиісті электронды анықтама - библиографиялық каталогты жасақтау қажет. /Өлшемшарттардың 17-қосымшасы жалғанады.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 22,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 27 сағаттан, 4-сыныпта – 28 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 35 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 37 сағаттан, 10-сыныпта – 35 сағаттан, 11-сыныпта – 35 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын жасау кезінде төмендегі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (ҚР 27.07.2007ж. №319 Заңы);

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгертулермен мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы);
4. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415) бастауыш білім беру деңгейі, № 1,2 (оқыту тілдері бойынша), негізгі орта білім беру деңгейі № 6 ,7 (оқыту тілдері бойынша) негізделген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы(2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) жалпы орта білім беру деңгейі №22 ,24 (оқыту тілдері бойынша) негізделген.
5. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты.
6. Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімінің 17.08.2021 ж. 2021-2022 оқу жылының басталуы туралы №167 бұйрығы.
7. Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыз №611 бұйрығы.
8. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрығы
9. 2021-2022 оқу жылында ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша оқу жұмыс жоспары мен тақырыптық-күнтізбелік жоспарларында және сынып журналдарда игерілмеген сағаттар анықталмады. Стандарт талаптары толық орындалып келеді.

2021-2022 оқу жылы оқу үрдісін ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 (өзгертулермен мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы) бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп 2021-2022 оқу жылы бойынша «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» талаптары орындалған. Оқу жоспарлары мектеп нормативті-құқықтық құжаттарға сай жасақталған.

Әрбір оқу жылында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары әдістемелік бірлестіктер отырысында қаралған, мектеп әкімшілігі тарапынан бекітілген.

Қатаң есептегі құжат болып саналатын электронды журнал 2021-2022 оқу жылы бойынша тексерілді. Журналдарда баға қоры толық, күнтізбелік жоспармен сәйкес, үй тапсырмасы бағаны толтырылған, тоқсандық бағалар баға қорымен сәйкес. Мемлекеттік бағдарлама орындалды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспары

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	7	8	9	10	11
2021-2022	Инвариантты	22,5	23	26	26	32	33	34	27	27
	Вариативтік	-	1	1	1	2	2	2	8	8
	Барлығы	22,5	24	27	27	34	35	36	35	35

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспары

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2021-2022	Инвариантты	22,5	24	27	28	31	31	34	35	36	28	28
	Вариативтік	-	-	-	-	1	1	1	1	1	7	7
	Барлығы	22,5	24	27	28	32	32	35	36	37	35	35

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген

және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2020-2021	9 «А»	3	Математика	1		2	-	33,3
		3	Қазақ тілі мен әдебиеті	1	2	-	-	100
		3	Орыс тілі	1	2	-	-	100
	11 «А»	4	Алгебра және АБ	1	2	1	-	75
		4	Қазақстан тарихы	2	1	1	-	75
		4	Қазақ тілі	2	1	1	-	75
		4	Орыс тілі	2	1	1	-	75
2020-2021	9 «Б»	9	Математика	1	3	5	-	44,4
		9	Қазақ тілі	2	4	3	-	66,6
		9	Орыс тілі	1	3	5	-	44,4
	11 «Б»	4	Алгебра және АБ	4	-	-	-	100
		4	Қазақстан тарихы	3	1	-	-	100
		4	Қазақ тілі мен әдебиеті	2	2	-	-	100
		4	Орыс тілі мен әдебиеті	3	1	-	-	100

2021-2022 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің м.а. 28.04.2021 № 189 бұйрығы басшылыққа алынды.

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін

меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикалармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған.

Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған.

2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.

Мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

Барлық кластарда БЖБ мен ТЖБ жүргізілді, баллдары мен бағалары журналға қойылған. БЖБ, ТЖБ қорытындылары талапқа сай.

4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:

Инклюзивті білім беруді дамытуды әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды көздейді: -

- - жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре оқыту және инклюзивті білім беру негіздерін әдіснамалық және оқу әдістемелік әзірлеу;
- - ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың (оқу процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар, базалық пәндер және оқыту пәнінің нәтижелері бойынша дағдылар, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар) оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын бейімдеу;
- - инклюзивті білім беру жағдайында оқушының оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу,

- - үйде оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайларына жоғары және кәсіптік, техникалық білім беру бағдарламаларын және үлгілік оқу жоспарларын бейімдеу 2021 – 2022 оқу жылында келесі оқушылар ерекше оқытуды қажет етеді деп Ақтөбе облыстық ПМПК қорытындысы негізінде төмендегі оқушылар танылды:

Кофлер Евгения – 30.06.2021 жылы берілген анықтама жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған. «F -83 ОПР I- II уровня. Врожденный гиперинсуммизм» диагнозы қойылған.

Стырличук Юлия - 04.04.2019 жылы №16954 облыстық ПМПК анықтамасы бойынша жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқытумен қамтылған. «ОПР I-III уровня , Врожденный птоз» диагнозы қойылған.

Рубанов Станислав – 19.10.2020ж облыстық ПМПК анықтама бойынша ҚР заңының 47 бабы 3 пункты 2 қосымшаға сәйкес жалпы білім беру бағдарламасында инклюзивті оқыту ұсынылған «ЗПР» диагнозы қойылған.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №725 бұйрығы негізінде, Жосалы орта мектеп-балабақшасы бойынша 2021 жылы 01 қыркүйекпен №96 бұйрықпен ППК құрамы бекітілді. ППК құрамында оқу ісі орынбасары, тәрбие ісі орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп медбикесі және осы балалар оқитын сыныптың жетекшілері кіреді.

Пән мұғалімдері баланың сабақтарына кіріп, оқушыны сырттай зерттеді. Инклюзивті оқыту бағдарламасына сәйкес қызметкерлердің жұмыс жоспары жасалынған. Бала үнемі мектепішілік бақылауда, ата-анасы баланың мектептегі өмірімен тығыз байланыста.

Пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына сәйкес баланың оқу деңгейін ескере отырып, оқыту бағдарламаларын жеңілдетілген түрде жасап, бекіттірген. Инклюзивті оқыту бағдарламасына сәйкес қызметкерлердің жұмыс жоспары жасалынған. Бұл балалар әртүрлі мерекелік, отбасылық шараларға қатыстырылып отырады.

«Қайырымдылық» акциясы барысында 2019 жылы киім-кешек, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Балалардың сабақ үлгерімі – орташа. Пән мұғалімдері инклюзивті оқыту, үйден оқыту бағдарламаларына сәйкес жасаған жұмыс жоспары бойынша сабақ беріп келеді. Балалардың әлеуметтік жағдайы жыл сайын кесте бойынша тексеріледі. Жаңа оқу жылына дайындығын бақылау мақсатында оқушылар тамыз айында «Мектепке жол» акциясы аясында оқу құралдары мен оқулықтармен қамтамасыз етілді. Аталған мерзім арасында бұл балалармен мектеп әкімшілігі бақылауымен келесі іс-шаралар жүргізілді. Ауыл әкімдігі қолдауымен дәстүрлі Жаңа жыл мерекелеріне ауылдық, аудандық шыршаларға жолдама беріліп тұрады. Жаңа жылдық сыйлықтар табысталады. Дәстүрлі 1-маусым Балаларды қорғау күні де бұл балалар ұмытылмайды. Балмұздақ, ойыншық, сый-сияпаттар, тәтті-тағамдар сыйға тартылады.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40 -тармағы (40. Бастауыш мектептегі

білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 28 сағаттан аспайды.)-1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 28 сағаттан аспауы тиіс.) -4 сыныпта , 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы (54. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 35 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.), 3 тарау §2 , 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 37 сағаттан аспауы тиіс.)- 9 класта, 4-қосымшасы 3 тарау §2 52-тармағы (52. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-11-сыныпта – 35 сағаттан аспауы тиіс.) -10-11 кластарда талаптары сақталды.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

- 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда:
күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),
қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),
көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда) беріледі.

Ұсыныстар

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау үдерісінде типтік және оқу жоспарлары мен бағдарламаларының, заңнамаларды басшылыққа ала отырып, кешенді талдау нәтижесі және білім сапасының көрсеткіштерін бағалау, педагог кадрлардың біліктілігі, оқу-әдістемелік және оқу-тәрбие жұмысының деңгейі, материалдық-техникалық және әлеуметтік база жағдайы мен мектептің басқа да қызметтерін тексеру, сонымен бірге өзіндік бағалау барысында оқушылардың білім сапасын кешенді тестілеу және білім кесінділерін бақылаудың басқа түрлерін қолдану арқылы бағалау негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кемшіліктері анықталып, қорытындылар жасалды.

Мектептің жалпы сипаттамасы бойынша:

Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 286 бұйрығы.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі №425 бұйрығымен өзгеріс енгізілген, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығымен бекітілген оқушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу кітабы, негізгі мектеп бітіру туралы куәліктерді есепке алу және олардың берілуін тіркеу кітабы және орта білім туралы аттестаттарды есепке алу және олардың берілуін тіркеу журналында талапқа сай жүргізілген.

Мектептің кадр құрамы бойынша:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы /өзгерістермен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығы/ сәйкес жасалған штаттық кестелер жасалған.

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кадрлар сапасы талапқа сай, сапалық құрамы жоғары.

Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша:

1. Оқу-әдістемелік жұмыс жүйелі түрде, әдістемелік тақырыпқа сай ұйымдастырылған, мектеп көрсеткіштері жоғары.
2. Пән бойынша сыныптан тыс жұмысты түрлендірудің инновациялық әдістерін қолдану тәжірибесін дамыту.
3. Әр сабақты ғылыми негізде, методикалық әдістерді тиімді пайдаланып, озық тәжірибелерді үйреніп, өз жұмысында қолдануды жалғастыру.

Оқу-тәрбие жұмысы бойынша:

1. Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары құрылғанымен жұмыс жүйесінің сапасы төмендеу болғандықтан, ата-аналар комитетінің жұмысы жандандырылып, бір жүйеге келтіру, 2. «Әкелер», «Аналар» клубын жоспары бойынша жұмысын жандандыру.
3. Сынып жетекшілердің жұмыстарын, тәрбие сағаттарды іс-тәжірибесін таратуды басты назарға алу.
4. Жас сарбаздар жұмысын жандандыру.

Оқу-материалдық активтер бойынша:

Бір оқушыға есептелгендегі мектептің оқу аумағы аумағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыз №611 бұйрығы қағидаларына сәйкес келеді.

Кабинеттердің жабдықталуы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау және жихазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы /өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық/ талаптарына сай келеді. Мектептің ғимараттары талапқа сай, барлық жабдықтар жақсы сақталған.

Оқу зертханалары бойынша:

1. Мектепте зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау үшін толық мүмкіншіліктер бар. Химия, физика кабинеттері толық жабдықталған. Информатика кабинеті компьютерлермен жабдықталған және интернет желісіне қосылған.

Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры бойынша:

Мектеп кітапханаларына арналған Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) MARC SQL бағдарламасы қажет.

Мектептің өзіндік аттестаттау жұмысы төмендегі кемшіліктерді анықтап оларды түзету жолдары қарастырылды:

№	Кемшіліктер	Түзету жолдары
1	Пән бойынша сыныптан тыс жұмысты түрлендірудің инновациялық әдістерін қолдану тәжірибесін дамыту.	Мектепте жүргізілетін жұмыстарды заман талабына сай инновациялық әдістер тәжірибелерін зерттеу
2	Әр сабақты ғылыми негізде, методикалық әдістерді тиімді пайдаланып, озық тәжірибелерді үйреніп, өз жұмысында қолдануды жалғастыру.	Халықаралық білім берудің озық тәжірибелермен танысу мақсатында семинарларға, конференцияларға қатысу және интернет желісін тиімді пайдалану
3	Сынып жетекшілердің жұмыстарын, тәрбие сағаттарды іс-тәжірибесін таратуды басты назарға алу	Тәрбие жұмысы бойынша іс-тәжірибелерді жинақтау және тарату бойынша семинар өткізу.
4	Жас сарбаздар жұмысын жандандыру.	Жас сарбаздар тобының жұмысын бақылауға алу
5	«Әкелер», «Аналар» клубының жұмысын жандандыру	«Әкелер», «Аналар» клубының жұмысын бақылауға алу

Қорытынды:

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 59 бабы, 4-1 бөлімінде «Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді және өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствасына ұсынады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 17-12-04-6/53 хатына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауын өткізу туралы» 2022 жылғы 01 ақпандағы №5 бұйрығына сәйкес ағымдағы жылдың 01 ақпан-28 ақпан аралығында аталған мектепте өзіндік бағалау өткізіліп, лицензияда көрсетілген білім беру қызметіне қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жосалы орта мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі

